



Шадибекова Д.

**ҚАЗАҚ-ТАТАР
ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МЕРЗІМДІ
БАСПАСӨЗ САЛАСЫНДАҒЫ
ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ
(XX з. басы)**

В данной статье рассмотрена проблема взаимосвязей казахского и татарского народов в области периодической печати в начале XX века. Статья написана на основе материалов периодической печати и научной литературы.

In given article the problem of interrelations of Kazakh and Tatar people in the field of periodicals in beginning XX of a century is considered. The article is written on the basis of materials of periodicals and the scientific literature.

Ғасыр басында түркі жұртынын оқыған көз ашық, көкірегі ояу ұлтжанды зиялылары халықтың рухани мұраларына ерекше ден қойып, бар ерік-жігерін оқу-ағарту саласының күшеюіне бағыттады. Осы бір талпыныс татар баспасөзінен айқын көрінді.

Сол тұстағы баспасөз мәдениетке деген ұмтылыстың, ілгері жылжудың, анығырақ айтқанда, ағартушылық саласының қанат жайып, дамуының тірегі іспетті болды. Баспасөздің елдің рухани өмірінде атқаратын рөлін және оның ерекше 4 қасиетін қазақтың ағартушы ғалымы Ахмет Байтұрсынов та былай деп атап көрсеткен еді: «Әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. ... Бүтін дүние жүзіндегі халықтар ... газет арқылы ... дүниеде болып жатқан істер, сөйленіп жатқан сөздер - кімге пайдалы, кімге зарарлы екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса, шаттанып, зарарлы болса, сақтанып тұрады.

Екінші, газет – жұрттың ықыласына қызмет ететін нәрсе, ... жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады.

Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. ... газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасты жетікпекші.

Төртінші, газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасақ тырысады» [1].

Татар зиялылары еңсені басқан отарлық езгіден халық рухын көтерудің бір құралы баспасөз деп білді. Расында да жерінен, саяси бостандығынан айрылған талай түркі мұсылман жұртынын соңғы үміті, соңғы тірегі баспасөз болатын.

Баспасөздің пайдасын білімі, өнері өзгелерден оқ бойы озық тұрған татар зиялылары ертерек байқады. Сондықтан да олар газет-журнал шығаруға ерекше ықылас білдірді. «1907 жылғы санаққа қарасақ, – деп көрсетті «Қазақ» газеті, Россияда сол жылы екі мың бір жүз жетпіс үш есімді газет һәм журнал шыққан екен. Оның бір мың үш жүз тоқсан алтысы орыс тілінде, сегіз жүз алпыс жетісі басқа тілде басылып басылыпты. Сол сегіз жүз алпыс жетінін ішінде біздің татар қандастарымыздың отыз шамалы газеті мен журналдары болды. Бізде біреуі де болмады. Сөз - қару, мұны бұзуға



жұмсасақ, бұзады, түзеуге жұмсасақ, түзейді. Сөзін жұртты түзеуге жұмсай бастаған жұрттын өзі түзелуге бет алғанын көріп отырмыз. Алыстан іздемей, жақыннан-ақ алайық. Күні кеше өзімізбен шамалас, қатар халық – татар қарындастарымыз сөзін жұртты түзеуге жұмсай бастап еді, түзеліп бара жатыр. Орысша оқи алғаннан басқа, жастарын оқытып, көздерін ашып отырған татар. Бұл татардың бізден ілгері кеткендігі, олар бізден емес, біздің олардан үйреніп жатқанымыз, білім дәрежесінде біздің төмендігімізді көрсетеді» [2.11].

Қарқынды дамыған әдебиеттің баяу дамығанға әсері бұл адамзаттың көркемдік даму сатысындағы, сабақтастықтағы өте айқын заңдылығы. Алайда, әрқалай даму ұлтаралық әдеби сабақтастық жағдайын өшіре алмайды [3.126].

XX ғ. бас кезі татар халқының оянып, жаңа ізденістер мен жаңалықтар жолына түсуінің бастау көзі болды. Әсіресе, татар әдебиеті барынша қарқын алып, кең қанат жайды. Орыс жазушысы М. Горький көрсеткендей, Ресейде татар баспасөзі мен әдебиеті, татар зиялыларының мәдени істері қарқынды дамыды [4.99]. Татарлар талай жылдар жасай алмаған әдебиетін жасап, түркі жұртына танымал әдебиет алыптарын тудырды. Бұған Ресейдегі саяси оқиғалар, сол тұстағы саяси-әлеуметтік бетбұрыстар мен қоғамдық күштердің топтаса бастауы игі ықпалын тигізді.

Қазақ халқының өнер жағынан даму тарихында оның өзге халықтармен әдеби байланысы, қарым-қатынасы қалыптасып, нығая берді. Бұл дәстүр фольклордан басталып, кәсіби әдебиетімізбен бірге жасасып, әр тарихи кезеңнің мақсат-мұратына, тыныс-талабына, кезеңнің қажет-мұқтажына сәйкес мән-мазмұн, сыр-сипат ала берді [5.165].

XX ғ. басындағы қазақ-татар әдеби-мәдени байланыстарының дамуына XIX ғ. 2-ші жартысында екі халықтан шыққан ағартушылар да игі алғышарттар жасап берді. Бұлардың қатарына татар ағартушыларынан Ш. Маржани, Х. Фаизханов, С. Кукляшев, Ғ. Махмұтов, Қ. Насыри және тағы басқаларды, ал қазақтардан Ш.Ш.Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаевтарды атауға болады. Олар татар тілі мен қазақ тілін жақсы білетін, Батыстың да, Шығыстың да мәдениетін қатар меңгерген өз заманының озық ойлы, терең білімді жандары болатын. «Қалың татар көрмей жүрген халқымыз емес, қашан да адал ниетті көршіміз, ақ тілеулі ағамыз. Сахарада көзін ашқан жас балапан жазба әдебиетіміздің балақ жүнін түлеткен де – солар, революцияға дейін азын-аулақ кітаптарымыз болды десек, соның қай-қайсысында да көрі шаңырақ Қазанның аты жазылған, – деп орынды көрсетеді қазақ жазушысы Ғ. Мұстафин. Татар мәдениеті қазақ үшін көз көрмеген, аяқ баспаған бейтаныс өлке емес. Оның самалын ертеден-ақ саялап, миуасын баяғыда-ақ татқанбыз. Тәтті екен – тамсанғанбыз. Шөлдей, шөлікпей ұмтылғанбыз сол жаққа» [6]. Заңғар жазушының бұл сөздерінен ғасыр басындағы қазақ баспасөзіне, жалпы қазақ әдебиеті үшін татар әдебиетінің қаншалықты маңызды болғанын байқауға болады. Қазақ арасына татар баспасөзінің, әдебиетінің таралуына татар молдаларының, университет оқытушылары мен мектеп, медресе мұғалімдерінің де қосқан үлесі зор. Мысалы, қазақтардың хат танып, мұсылманша сауат алуына татар молдалары бірқыдыру ат салысса, Шоқан, Ыбырай сияқты оқымыстылардың жан-жақты білім алуларына университеттік білімдері бар татар зиялылары Х. Фаизханов, М. Бекчуриң, У. Мусин, татар арасынан шыққан алғашқы ғылым кандидаттарының бірі Салих Бекташұлы Кукляшев сияқты оқытушылар өз үлестерін қосты. Татар молдалары арқылы қазақ оқығандары татар тілін еркін меңгеріп, татар тіліндегі баспасөз материалдарын оқып, біліп отырды. Ы. Алтынсаринге Орынбор шекара комиссиясының жанынан ашылған қазақ-орыс мектебінде білім берген С.Б. Кукляшев кейіндері де талай үлгі-өнегесін, тәлімі мен тағлымын көрсетті. Мысалы, С.Б. Кукляшев 1859 жылы «Татар хрестоматиясын» жазса, ал Ы.Алтынсарин 1879 жылы «Қазақ хрестоматиясын» жарыққа шығарды. Ы. Алтынсаринге татар ағартушы ғалымы Қажо Насыридін де ықпалы мол болды. Олардың идеялық-творчестволық байланыстары тамаша туындыларды дүниеге келтірді. Нәтижесінде, тақырыбы сарындас, идеясы мен мазмұны үндес шығармалар туындады. Татардың ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаушы, татар прозасы мен балалар әдебиетінің негізін салушы Қ. Насыри жаңа типті мектептер ашты, 1880 жылы «Қазан татарларының сенімдері мен ырымдарын», дінді уағыздайтын «Отыз уағыз» атты еңбектерін жазды. Ы. Алтынсарин болса, 1879 жылы «Орынбор қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркін», «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамдарды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі» және дін тақырыбындағы «Шарият ул-ислам» еңбектерін шығарды. Қ.Насыридін шығармаларын, соның ішінде «Әбдуғалиссина хиссасы» атты әңгімелер жинағын қазақ оқырмандары сүйіп оқитынын «Дала уалаяты» газеті жария етіп, татар оқымыстыларының еңбектері жөнінде қазақ оқырмандарын хабардар



етіп, таныстырып отырды [7]. Осы газетте: «Ноғайлардың (татарлардың) тілдері қазақтармен бірдей. Солары үшін әрбір ноғай қазақтармен тез жақын болысып кетеді» [8.739] деп көрсетілді.

Екі халықтың өзара рухани жақындаса түсуінде татар-башқұрт жерінде бой түзеген XIX ғ. 2-ші жартысында Хұсаинов, Рәмиев, Ямышев, Апаков сияқты ауқаттылар ашқан баспаханалар баспаханалардан шыққан кітаптар арқылы татар оқырмандары да қазақ ақын, жазушылары мен оқымыстыларының шығармаларымен жете таныс болды. Татар оқырмандарына қазақша шығармаларды таныстыруда татар зиялылары басты рөл атқарды. Олар өздері ашқан баспа орындары арқылы Шығыстың небір дастандарын, сонымен бірге қазақ ақын, жазушыларының шығармаларын кітап етіп басып шығарып, қазақтар арасына таратты. Мысалы, Абайдың өлеңдері татарлар арасына алғашқы кезде ауызша белгілі болса, 1897 жылы Қазан қаласында оның 2 өлеңі «Князь бен Зағипа» атты жинаққа еніп, тұңғыш рет жарық көреді. Ал Абайдың шығармаларымен татар оқырмандарын, сондай-ақ күллі түркі жұртын татардың «Вақыт» газеті [9], «Шура» журналы [10.73] таныстырып, алыс-жақын елдерге жарнамалап, мәшһүр етті. Осыдан соң қазақтың бас ақынының өлеңдері жекелеген жинақтарда шыға бастайды да, ал ақынның тұңғыш кітабы Қырым татары, баспагер Ілияс Борағанскийдің Петербордағы баспаханасынан 1909 жылы жарық көреді [11]. «Қызақ ақыны Ибраһим Кунанбайф-огьлуның шиірлері» (Қазақ ақыны Ибраһим Кунанбайұлының өлеңдері) атты бұл кітапта татар баспагері Ілияс Борағанскийдің де суреті қоса беріледі [12.67]. Бұл кітапта Абайдың басты өлеңдері түгелге жуық берілген деуге болады [13.4]. Аталмыш баспаханадан Ш. Уәлихановтың ел арасынан жазып алған «Едіге» дастаны да басылып шығады [12.68]. Жалпы, Ілияс Борағанскийдің кітапханасынан 1901-1910 жылдары 68 кітап жарық көрген [15.177-178] және онда негізінен Шығыс мәдениетін насихаттайтын кітаптар жарияланып отырған. Борағанский баспаханасынан шыққан бұл кітаптар қазақ арасына да кеңінен таралды.

Татар мерзімді баспасөздері тек қазақтың танымал ақындарын ғана емес, сонымен бірге қазақ ақын қыздарының да өлеңдерін көпшілікке таныстыруды мақсұт тұтқанын да байқауға болады. Мысалы, «Шура» журналының 1912 жылғы 145 нөмірінде Жетісудың атақты батыры әрі биі Тойшыбек Қасаболатұлының қызы Данагүлдің араб һәрпімен жазылған өлеңі басылған [15]. Ақын қыз өз өлеңінде Ғазы сұлтан Болатұлы Уәлихановқа деген сезімін білдіреді [16.188].

Татар зиялылары ашқан баспаханалардан шыққан қазақ авторларының шығармаларын татар оқымыстылары жоғары бағалап, олардың творчествосына қатысты пікірлерін баспасөз арқылы білдіріп жатты. Сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиетінің маңызын төмендетіп көрсеткісі келген кейбір кереғар пікірлі жандарға да тойтарыс беріп, қазақ поэзиясынан үлгі-өнеге аларлық тұстардың басымдығын да көрсете білді.

XX ғ. басында татар әдебиеті барынша дамып, баспахана ісі де жандана түсті. Әсіресе, сөз бостандығын, баспасөз бостандығын, жиын бостандығын паш еткен 1905 жылғы 17 қазан манифесінен кейінгі кезде татар зиялылары мерзімді баспасөз ісін кеңінен дамытуға мүмкіндік алды. Қазан, Уфа, Петербор, Орынбор, Троицк қалаларында көптеген татар баспаханалары бой көтеріп, олардан «Үлфәт», «Шура», «Қазан мухбири», «Вақыт», «Дин ве мағишат», «Таң», «Нұр», «Юлдуз», «Фикер» және тағы басқа журналдар мен газеттері басылып, елге тарала бастады.

Бұл басылымдарының қазақтар арасына каншалықты таралу аумағы болды деген мәселеге тоқталатын болсақ, мұрағаттық деректер мәліметтері мынадай жайтты көрсетеді. Ақмола және Павлодар облыстарының почта-телеграф кеңселері арқылы қазақтар татар мерзімді басылымдарынан «Юлдуз», «Вақыт», «Қуяш», «Турмуш» газеттерін және «Вақыт-Шура», «Шура», «Яль-Юль» журналдарын жаздырып алып отырған. Аталған өңірге «Юлдуздың» 26 данасы, «Вақыттың» – 73, «Қуяштың» 27 данасы таралған. Қалғандарының данасы 10-нан аспаған [17. 9-п.]. Ал келесі бір мұрағаттық деректе қазақ өлкесінде түрлі татар басылымдары таралымының саны 1911 жылы 3000-нан асып жығылатыны айтылады, оны Ақмола облысының 694 тұрғыны, Семей облысының – 612, Торғай облысының 586 оқырманы жаздырып алып, оқып отырған [17. 29-п.]. 1913 жылы татар мерзімді басылымдары оқырмандарының саны одан ары өсе түскені байқалады. Мысалы, Көкшетау уезінің сауатты ауқаттылары мен молдаларының арасынан – 31 адам, Петропавл уезінен – 207, Омбы облысының 12 болысынан 46 кісі татар басылымдарының тұрақты оқырмандары ретінде газет-журналдарды почта арқылы жаздырып алдырып отырған [17. 39-п.]. Бұған алаңдаушылық білдірген Омбы жандармы басқармасының бастығы олар жаздырып оқитын татар басылымдарының тізіміне «Қуяш», «Юлдуз», «Вақыт», «Тәржиман», «Турмуш», «Динь ве абаль», «Антъ» және «Гәптин» атын көрсетеді [17. 40-п.].



Татар мерзімді баспасөзінде қазақ қоғамының мәселесі де көтерілмей қалмады. Замана талабына сай көтерілген бұл мәселелер көбіне қазақтың саяси-әлеуметтік және тарихи-мәдени тұрмысынан хабарлар беріп тұрды.

XX ғ.басындағы татар мерзімді баспасөзі басында тұрғандардың басым бөлігі патшалық Ресей аумағында тұрып жатқан түркі-мұсылман жұртына қоғам қайратерлері ретінде де танымал болатын. Мысалы, олардың көбі Мемлекеттік Думаның қызметіне белсене араласқан жандар-тұғын. Зерттеуші Ө. Әбдімановтың көрсетуіне қарағанда, «I Мемлекеттік Думаның жұмысына қатысқан мұсылман делегаттарының көбі Қазан-Орынбор баспа орындарымен тікелей байланысы бар, мұсылман съездерінде, I Думадағы мұсылмандар фракциясында қанаттаса бірге жұмыс істеген жандар еді. Осы мұсылман фракциясында жұмыс істеген өкілдердің көпшілігі кейін мұсылман партиясының Орталық комитетіне мүше болып сайланды. 1906 жылғы 16-21 августінде өткен III мұсылман съезінің шешімімен сайланған бұл Орталық комитеттің 8 мүшесі газет-журнал айналасындағы басшылар мен іскерлер болатын» [18.35]. Олардың қатарында «Үлфәт» және «Тилмиз» газеттерінің редакторы Р. Ибрагимов, «Тәржіман» газетінің редакторы И. Гаспиринский, «Юлдуз» газетінің редакторы Х. Максудов, «Казан мухбири» газетінің қызметкері Ю. Акчурина, «Каспий» газетінің редакторы және «Гаят» газетінің шығарушысы Ө. Топчибашевтер бар еді. Ресейдегі түркі жұртының мұн-мұқтаждарының бірі жер-жерде баспасөз ашу және өз ұлттық мерзімді баспасөзін ашамын дегендерге қол ұшын беріп, аяқтарынан тұрғызуды азаматтық парыз тұтқан аталған татар зиялылары қазақ мерзімді баспасөзінің пайда болуына да аз жәрдемін тигізген жоқ. Татар баспа ісінің басы-қасында жүрген зиялыларының қазақ оқығандарымен бұрыннан творчестволық және достық қарым-қатынаста болулары да қазақ мерзімді баспасөздерінің пайда болуына игі әсер етті. 1905 жылдан саяси сахнадан көріне бастаған қазақ зиялылары өз ұлттық басылымдары болмағандықтан татардың «Фикер», «Үлфәт», «Шура» сияқты мерзімді баспасөздері арқылы өз ойларын халыққа жеткізуге мүмкіндік алды. Алайда ғасыр басындағы ұлт зиялыларын ұлттық мерзімді баспасөз ісін қолға алу қажеттілігі алаңдатпай қоймады. Бұны қазақ зиялыларының көшбасшыларының бірі Ө.Бөкейхановтың мына сөздері де аңғартады: «Қазақ тілінде әлі күнге не бір газет, не бір баспахана жоқ. Бұл жөніндегі ойлар қазақ даласында азаттықтың бақытты күндерінде пайда болса да, іс жүзіне аса қоймады» [18.17].

Қазақтың тұңғыш бейресми, саяси бағыттағы мерзімді баспасөзін шығаруға татар зиялылары, дәлірек айтқанда, «Үлфәт» газетінің редакторы Ө.Ибрагимов жәрдем беріп, көмек қолын созды. Сөйтіп, 1907 жылы «Серке» атты қазақтың төл газеті жарыққа шықты. Онда М. Дулатовтың «Біздің мақсатымыз», «Жастарға» атты мақалалары жарияланды. Алайда, оның ғұмыры аса қысқа болды. 1907 жылы полиция өкілдері газет бетінде жарияланған мақалаларда қазақты орыс халқына қарсы үндеу бар деген сылтаумен «Үлфәт» пен «Серке» газеті жабылды [18. 24-25].

Қазақ журналистикасы тарихында қазақтың тұңғыш ұлттық журналы ретінде орын алатын «Айқап» басылымы 1911 жылы дүниеге келді. 1915 жылдың қыркүйегіне дейін Троицк қаласындағы «Энергия» баспаханасынан шығып тұрған журналдың редакторы түрік бірлігін жақтаған қазақ зиялысы М. Сералин болды. Ол татар халқының мәдениеті мен әдебиетін және оның өкілдерін аса жоғары бағалап, өзінің татар халқына деген зор ілтипатын көрсетіп отырды. Өзінің мақалаларында М. Сералин татарларды «ноғай бауырларымыз» деп атап, ел арасына бауырластықтың өнегесін де таратты. Журналдың бағдарламасында татар мерзімді баспасөздеріндегідей бас мақала, шетел хабарлары, мұсылман өмірінен мәселелер, хроника, фельетондар мен өлеңдер, библиография және ғылыми мақалалар, әр түрлі хабарлар мен редакцияға хат атты 7 айдар болды [19.282], соның «мұсылман өмірінен мәселелер» атты айдарында татар халқының тұрмыс-тіршілігі, мәдени өмірі жайлары журналдың өзекті мәселелерінің бірі ретінде орын алды. Журнал бетінде татар мерзімді баспасөздері: жайындағы хабарлар, әсіресе ондағы қазақ халқының тарихына, тілі мен әдебиетіне қатысты мәселелердің қалай көтеріліп жатқаны жайы баян етілді. Сондай-ақ татар халқының біртуар ұлдары И.Гаспиринский, Ш. Маржани, М. Бегиев, Ғ.Тоқай және т.б. өмірі мен қызметінен мағлұмат беретін хабарлар таратып, қазақтар мен татарлардың рухани ынтымағын насихаттады. Мысалы, М. Сералин «Жуырда орны толмас өлім» атты некрологында И. Гаспиринскийді Асан Қайғымен теңестіріп, оны бүкіл түркі мұсылман жұртының көсемі, халық қаһарманы, ұстазы деп бағалайды.

«Айқап» журналында жауапты хатшы қызметін атқарған С.Торайғыровтың да творчествосынан қазақ-татар бірлігі, достығы мен ынтымағының әсерін байқаймыз. Ол татар әдебиетімен, татар баспасөздерінде көтерілген мәселелермен молырақ танысады. Оның әсері ақынның көзқарастары мен шығармаларынан аңғарылады. Ақын татар тілін жақсы білген. Зерттеушілердің



пікіріне карағанда, ақынның кейбір өлеңдері татар тілінің ықпалымен жазылған. «Анау қырда татар тұр, басқалармен қатар тұр» деп жырлаған Сұлтанмахмұт халықты білім, ғылым жолында татарлардан үлгі-өнеге алуға шақырды. Ол Ғ.Тоқай, Ғ. Ғафури, Ғ.Ибрагимовтердің озық ойлы пікірлерін қуаттап, өзінің де шығармаларында татар мәдениеті мен әдебиеті үлгілерін терең игергендігін көрсетті. Сұлтанмахмұттың татарларға деген ыстық ықыласының лебі оның жерлесі, «Айқаптың», «Шураның», «Вақыттың» және «Қазақтың» тұрақты оқырманы С.Дөнентаевты да шарпып өтті. Сәбит ақынның алғашқы өлеңдер жинағы – «Уақ-түйектің» баспа бетін көруіне татар жанашырлары жәрдемі тигізеді. «Діндесінді бауыр тұт, қарамай қазақ, сартына» деген ақын татар зиялыларының әсерімен ұлт бостандығымен қатар діни бірлікті де уағыздады.

Діни бірлік «Айқаптың» да беттерінде көтерілді. Журналда муфтилік мәселесі және татарлардан шыққан муфтилер туралы да хабарлар беріліп тұрды. Сөйтіп, қазақтың алғашқы ұлттық журналы қазақ-татар мәдени баланыстарының жаршысына айналып үлгерді.

1913-1918 жылдар аралығында қазақтың жалпыұлттық саяси газеті «Қазақ» Орынбор қаласындағы Каримов, Хусаиновтар баспаханасынан шығып тұрды. «Қазақ» газеті де татар халқының саяси-мәдени өмірі мәселесін тыс қалдырған жоқ. Жоғарыда атап өткеніміздей, газеттің редакторы А. Байтұрсынов басылымның алғашқы нөмірінде-ақ татарлар мен қазақтардың мәдени өмірінің даму деңгейін өзара салыстыра отырып, татар зиялыларының баспа ісін дөңгелетіп әкеткенін, олардың 30-дан аса газет-журнал шығарып отырғанын өнеге тұтып, қазақ оқырмандарына жеткізген еді. Газеттің кейінгі сандарында да татар жерінің жаңалықтары жиі орын алды.

Газеттің жарыққа шығуын ұйымдастырып, бар ауыртпалығын көтерген Ахмет Байтұрсынов пен Мұстафа Оразаев та татар зиялылары арасында аса танымал, беделді жандар болатын. Оларды, әсіресе, «Вақыт» газетінің редакторы Фатих Каримов аса қадір тұтып, сыйластық, достық көңілде болады. Сол кісі алғашқы кезде қазақтың ұлттық басылымы – «Қазақ» газетінің шыға бастауына көп көмегін тигізеді. Ол, тіпті, өз редакциясының бір бөлмесін қазақ редакторларына босатып беріп, қамқорлығын аямайды. «Біздің тілімізде өзгешелік болғанмен, ойымыз тоғысып, бір жерден шығуда. Қазақтар татар мәдениеті мен әдебиетінен көп нәрсені үйренді. Алайда уақыт өте келе олар дербес те даңқты жолға түсетіні айқын. Бұл прогрессті енді ешкім де тоқтата алмас» [20.5], – деп жазды татар оқымыстысы Г.Ибрагимов. «Қазақтың» ісінің оңға басарына талай татар зиялылары үмітпен қарап, сенім артты. Айтқандай-ақ, «Қазақ» газеті қазақ оқырмандарымен қатар, татар оқырмандарын да өзіне баурап алды. Оның тиражы бірнеше мыңнан асып жығылды. Оның оқырмандары қатарында медресе мен мектеп шәкірттері де болды. Зерттеуші Л.С. Түзбекова сол тұстағы ірі медреселердің кітапханасында «Вақыт» (Орынбор), «Юлдуз» (Қазан), «Куюш» (Қазан), «Баянелъхак» (Қазан), «Нур» (Петербор), «Сибирия» (Томск), «Турмыш» (Уфа), «Ирек» (Уфа), «ал-Ғалями ал-Ислами» (Уфа), «Тәрджиман» (Бахшасарай) және қазақ тіліндегі «Қазақ» (Орынбор) газеттері мен «Шура» (Орынбор), «Аң» (Қазан), «Эд-Дин ве ал-Адаб» (Қазан), «Ақ юл» (Қазан), «Сюмбика» (Қазан), «Ялт-юлт» (Қазан), «Мугаллим» (Орынбор), «Қармак» (Орынбор), «Иктисад» (Самара), «Шехбал» және «Түрк юрду» (Стамбул) секілді журналдар болды деп көрсетеді [21. 32-33].

Татар мерзімді баспасөзін Жетісудағы мектеп, медресе кітапханалары және жеке адамдар да алдырып отырған. Татар мерзімді баспасөздерінің халық арасына азаттық идеяларды тарататынынан шошынған полиция тыңшылары мұндай басылымдарды кімдердің оқып, насихаттап жүргеніне қатты назар салып отырды. Сондықтан татар газет-журналдарын жаздырып оқитын кітапханалар ашу үшін сонау Петербордың баспа ісі жөніндегі Бас басқармасынан рұқсат алу қажет болатын. Осындай жайттың бірі Лепсідегі мұсылман оқырмандары арасында өтті. Лепсі қаласының мешандары: Құсайын Чанышев, Мухаммедгерей Сүлейменов, Ғұмар Әбілев, Мухаммедғалий Искаков, Абдулла Абдиев, Сәбит Ихсанов, Ярулла Тугаев, Садық Сүлейменов және Ақшілік болысының қазағы Мұстафа Сүлейменов былай деп мәлімдеді: «Біз Лепсі қаласынан әртүрлі газет-журналдар, атап айтқанда: Петербордан – «Нұр», Бахшасарайдан хабардар болып отырғандығы. Жетісу өлкесінде татар басылымдары туралы бұл ақпараттарды таратып отырған сол өңірдегі Қазаннан, Уфадан және т.б. қалалардың оқу орындарын бітіріп келгендер, татар саудагерлері мен молдалары, хат танытын көзі ашық жандар, сондай-ақ жергілікті мектеп, медреселердің мұғалімдері мен түлектері болатын. Жергілікті оқу орындарының арасында «Мамания» медресесінің мұғалімдері мен түлектерін де айта өткен жөн. «Мамания» мектебінде көрнекті қазақ қайраткері Ғабдолғазиз Мұсағалиев меңгеруші болып қызмет етті, әрі «Ислам тарихы» және «Түрік-татар тарихы» пәндерінен дәріс берді. Қазандағы Апанасев медресесінде және Каирдағы әл-Қаһир университетінде білім алған Ғ.Мұсағалиев «Айқап»



журналының тұрақты авторы болуымен қатар бұл журналды Жетісудағы қазақтар мен қырғыздар арасында насихаттаушы ретінде де танылды [24. 273].

Татар тілін еркін меңгерген Ғ.Мұсағалиев сонымен бірге Жетісу жерінде татар басылымдарының да таралуына ықпал еткен деуге келеді.

Жетісудағы қазақ, қырғыз зиялылары да татар басылымдарының, соның ішінде мерзімді баспа сөздің таралуына полицияның аңдуына қарамастан, көп ықпалын тигізді. Мысалы, Түркістан аудандық күзет бөлімі көп ұзамай Пішпек уезіндегі қырғыздардың және өзге де түркі-мұсылман халықтарының қоғамдық-саяси өміріне қатысты Полиция департаментіне мынандай мазмұндағы мәлімдеме жолдады: «Пішпекте адвокат Ахметбек Қойбағаров, көпес Ысқақ Дауылбаев, Сейіткәрім Мырзабаев, бұрынғы тілмәш Найзабек Тулиң, Талқан болыстығында Ахмет Құдайбергенов, Тоқмақтың тұрғыны Ташмұхамед Бикаев Оренбург пен Троицкіден үкіметтің көшпелі халықтан жер кесіп алуын ашық айыптайтын мақалалар жариялауымен танылған «Айқап», «Ақмолла» және «Вақыт» секілді мұсылмандық басылымдарды алып тұрады. Бұл басылымдардағы жағымсыз мақалалардың авторлары – Орынбордағы Қаратаев пен Троицкідегі Сералин. ...Тыңшылардың айтуынша, Орынбор мен Троицкіден алынған басылымдар жасырын түрде Пішпектегі «Машраб» үйірмесінде оқылатын көрінеді. Басылымдардағы жағымсыз мақалаларды насихаттауда Қойбағаров белсенділік танытады. Жоғарыда аталған Пішпек тұрғындарын және Құдайбергенов пен Бикаевті Орынбордағы Қаратаевпен, Троицкідегі Сералинмен хат жазысып тұрады деп сезіктенуге болады» [24.272].

Жетісудағы түркі жұрты арасына татар басылымдарының таралуына қырғыз зиялылары да өзіндік үлес қосты. Қырғыз халқының көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы Ишаналы Арабаев «Айқап» журналының редакторы М.Сералинмен жақсы таныс болып қана қойған жоқ, сонымен бірге онымен пікірлес, ниеттес жанның бірі болды. Уфадағы «Ғалия» медресесінде М.Жұмабаев, Б.Майлин секілді қазақ жастарымен бірге білім алған И.Арабаев «Айқап» журналының оқырманы әрі оның беттерінде салмақты, ойлы мақалаларын жариялап тұратын тұрақты автордың бірі ретінде көпшілік қауымға, әсіресе оқырмандарға танымал-тұғын. Оның «Айқап» журналының 1912 жылғы алғашқы екі нөмірінде оның халық ағарту ісі мәселесіне және қазақ-қырғыз халқының тарихына қатысты ой қозғаған «Орынбордан Ташкентке дейін» деп аталатын мақаласы жарияланды [24.26-28].

Татар мерзімді баспасөзінің мәдени, әдеби маңыздылығын М. Дулатов былайша көрсетті: «Мен өзім медреседе оқымасам да, 1904 жылдан бастап ноғай (татар) әдебиетін үйренуге әуестендім. Сол жылдан бастап «Тәржімән» газетасы, онан кейін шыға бастаған өзге ноғай газеталарын һәм кітаптарын алып оқитын болдым. Лұғаттан қарап, кісіден сұрап ноғай тілі, әдебиетімен таныстым.бұлар маған сіңді» [25.266].

Түркі жұртының бірлігі мәселесін көтерген татар мерзімді баспасөзінің ықпалы қазақ мерзімді баспасөздеріне, соның ішінде «Айқап» журналына да тиді. Полиция департаменті үкіметке «жағымсыз» мақалалар жариялайды, орыс үстемдігіне қарсы қырғыздарды қазақтармен бірлесе әрекет етуге үндейді деп бағалаған «Айқап» журналы редакциясына қырғыздардан түрлі хаттар жолданып, оларда қырғыздардың арасында болып жатқан елеулі оқиғалар хабарланып тұрды. Мәселен, журналдың 1911 жылғы санында Пішпек уезіндегі қырғыздардың беделді өкілі Қанат қажының медресе салдырып, жергілікті жастардың жаңа оқу әдісімен (жәдидтік) білім алуына қолдау көрсетіп, Уфадағы «Ғалия» медресесіне қырғыз балаларын жіберіп жатқаны және Шабдан Жантаевтың 15 мың сомға мешіт салдырып, оның жанынан мектеп ашқаны хабарланды.

Халық арасында «Шабдания» мектебі деп аталған, Ш.Жантаев салдырған мешіт жанында ашылған оқу орнында татар мұғалімдерімен бірге Орал облысына қарасты Темір уезіндегі Ембі болыстығының Нұртілеу Молдағазин деген деген қазағы да ұстаздық етіп, ондағы қырғыз балаларына жәдидше білім беру ісімен айналысқан [24.272]. Мұның өзі ХХ ғ. басында екпін алған жәдидтік қозғалыс арнасына қазақтардың да тартылып, бұл қозғалыстың алдына қойған мақсатын жүзеге асыруға араласқанын айғақтайды. Жәдидтердің қызметінің негізгі бағытының бірі мерзімді баспасөз – «Тәрджиман», Бакуден – «Бургантараки» және «Таза хаят», Қазаннан – «Юлдуз», Орынбордан – «Вақыт», Базарқарау қаласынан «Ватык-Хадеми» газеттерін және Қазаннан – «Мулла Насреддин», «Ашин», Уфадан – «Магломат», Самарадан – «Икдисад», Орынбордан – «Шура» мен «Чукч» журналдарын және «Верненские областные ведомости» газетін оқитын оқу үйін ашсақ деп осы үстіміздегі 1910 жылы өз жиылысымызда шешім қабылдадық» [22.8-п.]. Осы үшін олар өздерінің 1 сом 50 тиындық марканы алуға даяр екендіктерін де жасырмаған [23. 256-257]. Бұл мәліметтерден байқалатыны – Жетісу өлкесінің түркі тілдес халықтары ХХ ғасырдың басында татар тілінде жарыққа



шығып жатқан мерзімді басылымдар мен олардың көтерген мәселелерінен жан-дақты арқылы ұлттық рух пен сана-сезімді көтеріп, халықтың мәдениеті мен сауаттылығын көтеру болғаны белгілі.

Сауаттылық демекші, қазақ арасына таралған татар мерзімді басылымдары да, қазақ мерзімді басылымдары да таза татарша, я қазақша жазу мәселесін айналып өте алмады. Себебі, XX ғасыр басында бір жағы Бұхара, бір жағы Мекке, Мәдинә, Мәскеу мен Петербордан, Қазан мен Уфадан және тағы басқа жерлерден білім алып қайтқан түркі жұртының жастары жазуда және сөйлеу мәдениетінде оқыған жерлерінің тілдік ықпалын да ала келді. Оның кері көріністері татармен қатар қазақ мерзімді баспасөзінің тіліне әсерін тигізді. Бұл мәселеге орай алаш қайраткері М. Дулатов былай деп жазғанды: «Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр. ... Тіл мәселесін бірінші дәрежеге қойған «Қазақ» газетасын өзіміз түгіл, ноғай бауырларымыздың да газеталары да байқай бастады. Мысалы, жаңа арадан «Тәржіман» (нөмір 260) «Қайда бара жатырмыз?» деген бір мақаласында: «Қазіргі Русияда шығып тұрған ұлт газеталарымыз, журналдарымыздың бірілі жарымдысын қоспағанда, көбінің қолданып тұрған тілдері татарша ма, түрікше ме, орысша ма, татар эсперантосы ма, не екенін білу қиын. Татар түрік тілінің қағидасына бойсұнбауының үстіне түрікше, татарша айтуға болатын сөздердің өзін орысшамен айдап кетеді. Бұл қайғырарлық хал» деп ноғай газеталарының һәрқайсысынан мысал келтіреді» [25.268].

Қазақ-татар мерзімді баспасөзінің тіл мәселесіндегі өзара ынтымақтастығын «Күяш» газеті де көтеріп, былай деп жазды. «Газеталарымыздың көбі таза түрікше жазамыз деп аузы айтса да, мұны істемей жүр, тіл туралы айтқанын орнына келтіруге жаһит қылып тұрған «Тәржіман» мен «Қазақ» газетасы» [25.268].

Осылайша, қазақ-татар мерзімді баспасөздердегі ортақ тақырып, ортақ мәселе екі халықтың тілдегі, пікірдегі, діндегі және ділдегі ынтымақтастығының да арта түсуіне жол ашып берді.

Әдебиеттер:

- 1 Құрметті оқушылар // Қазақ. 1913. № 1. Февраль.
- 2 «Қазақ» газеті / Құраст. Ү. Субханбердина және т.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
- 3 Бушмин А.С. Преемственность литературного развития // Историко-литературный процесс. – Ленинград: Наука, 1977. – 218 с.
- 4 Горький М. Собр. Соч. – М.: ГИХЛ, 1953. – 236 с.
- 5 Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар. – Алматы: Жазушы, 1974. – 215 б.
- 6 Мұстафин Ғ. Армысың ағайын! // Қазақ әдебиеті. – 1962, 26 октябрь.
- 7 Дала уалаяты. – 1890. – № 41. – 12 октябрь.
- 8 «Дала уалаятының газеті». – Алматы: Ғылым, 1994. – 816 б.
- 9 Вақыт. 1908. № 333.
- 10 Ысқақов Б. Ы. Қазақ-татар әдеби байланысы. – Алматы: Ғылым, – 1976. – 175 б.
- 11 Мухамметханов К. Абайның биринджи китабыны нешир эткан адам // Ленин байрағы. 1971, 26 октябрь.
- 12 Керимов И. А. XIX асырның сонъу ве XX асырның башында кырымтатар бедий сезонинъ эврими. Филоложий илимлери докторы ильмий дереджесини къазанмакъ ичин чалышма. – Симфереполь, 1998.
- 13 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының 2 томдық жинағы. – А.: Жазушы, 2002. – Т. 1. – 296 б.
- 14 Каримуллин А. Татарская книга. – Казань: Таткнигоиздат, 1974. – 320 с.
- 15 Шура. – 1912. – № 145.
- 16 Махаева А.Ш. Тойшыбек би және оның заманы. – Алматы: Баянжүрек, 2006. – 202 б.
- 17 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (бұдан ары – ҚРОММ). – 64-к., – 1-т., – 3575-іс.
- 18 Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 168 б.
- 19 Субханбердина Ү. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. – Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1963. – 289 б.
- 20 Ан. – 1916. – № 5.
- 21 Түзбекова Л.С. Медресе «Галия» – высшее мусульманское учебное заведение на территории Башкортстана (1906-1909 гг.): 100-летию со дня основания. – Уфа, 2006. – 130с.
- 22 ҚРОММ. 44-к., 1-т., 3343-іс.
- 23 Галиев В.С. Библиотеки дореволюционного Семиречья. – Алматы: Нац. Б-қа РК, 2003. – 250 с.
- 24 Махаева А.Ш. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы. – Алматы: Ценные бумаги, 2007. – 357 б.
- 25 Дулатов М. Тіл құралы // Дулатов М. Шығармалары / құраст. М. Әбсеметов және Г. Дулатова. – Алматы: Жазушы, 1991. – 381 б.